

Қашықтан оқытудың тиімді - тиімсіз жақтары

Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінде «Педагогика және жаратылыстану» ПӘК бірлестігінің ұйымдастыруымен «Қазіргі білім беру аясында мамандардың бәсекеге қабілеттілігін және құзыреттілігін дамыту» тақырыбында өткен онкүндік аясында білім алушыларды жан-жақты іздену жұмыстарына баулу, қазіргі білім беру аясында қашықтан оқытудың тиімді-тиімсіз жақтарын көрсету, білім алушылардың ой-пікірін, дүние танымын дамыту мақсатында «Қазіргі білім беру аясында қашықтан оқытудың тиімділігі мен тиімсіздігі» тақырыбында колледж оқытушылары Г.Назарова, К. Әбділдина және Б. Әждарованың ұйымдастыруымен ZOOM желісі арқылы пікірталас өткізілді.

Пікірталасқа БМ-42, БМ-23 топтары және оқытушылар қатынасты. Қатысушы білім алушылар өз ойларымен бөлісті. БМ-42 тобының білім алушысы Любовь Васецкая қашықтан оқудың өзіне тиімді жақтарына тоқталып өтті. Сабаққа уақытында дайындалып, сол уақытта тез арада бейне сабақ түсіріп жіберу, қосымша берілген тапсырманы интернет желісінен тауып орындау, өзіне қажетті әр түрлі презентациялар жасау, қазіргі технологияның дамуы арқасында әр түрлі сайттар арқылы жұмыс жасау тиімділігін жеткізді. Керісінше, БМ-23 тобының білім алушысы Аруна Қалдыбайқызы тиімсіздігі, шалғайдағы ауылдарда интернет желісінің дұрыс болмауы, болса да қуағтының аздығы, арадағы қарым-қатынастың дұрыс болмауына

әсер ететіндігін, сонымен қатар Edupage программасы, WhatsApp желісі арқылы тапсырма жіберуге кедергісін тигізетіндігін айтты. Білім алушылар бұдан басқа да қашықтан оқытудың тиімді және тиімсіз жақтары жайлы қызу талқылады. Түптеп келгенде білім алушылар өз ойларын түйіндей келе білім ордасына келіп, офлайн оқығаннан артығы жоқ екенін толықтай мақұлдады. Ең бастысы еліміз тыныш, өз Отанын сүйетін, құрметтейтін, дамуына үлес қосатын жастарымыз көбейіп, амандықта болайық.

Г. НАЗАРОВА, К. ӘБДІЛДИНА, Б. ӘЖДАРОВА,
Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің оқытушылары.